



Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады



№10 (1396)  
1 сәуір  
2011 жыл

# ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

## АДАМ КАПИТАЛЫ – әлеуметтік жаңғыру негізі

ЗА СТРОКОЙ ПОСЛАНИЯ

*Студенты и преподаватели КазНУ им. аль-Фараби обсудили пути социальной модернизации страны в свете Послания Президента РК «Построим будущее вместе!». Важным итогом встречи стало принятие Кодексов корпоративной культуры студентов и преподавателей.*

### КАЗНУ ИМ. АЛЬ-ФАРАБИ: ИНВЕСТИЦИИ В БУДУЩЕЕ

Эпоха перемен, так смело перемехнувшая рубеж веков, научила казахстанцев жить в постоянной динамике. Два десятка лет назад мы были представителями молодой, мало кому известной страны. Теперь же почти не удивляемся признанию дальних и искреннему восторгу ближних соседей. Казахский путь развития стал отечественным ноу-хау, своеобразным брендом нашей государственности.

Студенты и сотрудники КазНУ единодушно признали правильность намеренного курса. В ярком и динамичном слогане «Построим будущее вместе!» – суть происходящих перемен, отражающих мечты, чаяния, надежды свободного, разноголового и разноликого народа Казахстана.

На протяжении последних лет активно модернизировалась система высшего образования республики. Обрела реальные формы интеграция в мировое пространство: вузы присоединились к Болонскому процессу, перешли на трехступенчатую систему подготовки, выпустили первых докторов PhD. Много сделано.

28 наурызда Ә.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында «Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Жолдауы аясындағы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың әлеуметтік жаңаруы» тақырыбында оқытушылар мен студент жастардың активі өтті. Жиынға университет студенттері, оқытушы-профессорлар құрамы, куратор-эдвайзерлер мен Жастар ұйымдары және ҚазҰУ кәсіподағы, ақсақалдар алқасы қатысты. Активке қатысушылар қазақстандық жоғары оқу орындарының ел модернизациядағы орны мен рөлін талқылады. Сондай-ақ, «Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының жұмыстары», «Студент жастардың көшбасшылық қабілетін дамыту мен әлеуметтік белсенділігі», «Студенттерге әлеуметтік тұрғыдан көмек көрсету» мен «Әлеуметтік инновациядағы ҚазҰУ куратор-эдвайзер мектебінің үлесі» сияқты өзекті тақырыптар да назарға алынды.



Айқын мақсатты жүзеге асыру үшін айқын міндет керек. Елбасы биылғы Жолдауында: «Инновациялық қызметті жүзеге асыратын және ғылыми зерттеулердің нәтижелерін өндіріске енгізетін ЖОО-лардың үлесі 5 пайызға дейін артады. Кемінде 2 жоғары оқу орны үздік әлемдік университеттер рейтингінде аталатын болады. Сапалы білім беру Қазақстанның индустрияландырылуының және инновациялық дамуының негізіне айналуы тиіс», - деп әлеуметтік жаңғыру міндеттерін алға қойғаны белгілі. ҚазҰУ ұстанып отырған басты бағыт – Елбасы жолдауында айтылғандай, үздік әлемдік университеттер рейтингісі қатарына ену, мемлекеттің инновациялық дамуына және

ғылыми зерттеу нәтижелерін өндіріске енгізуде қомақты үлес қосу.

Осы мақсатта әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті әлеуметтік жаңаруда тың бастамаларды қолға алды. Университетте адам капиталын дамытуға бірден-бір үлес қосатын Гуманитарлық кеңес құрылып, гуманитаризациялау бойынша жиындар өтіп тұрады. Ен алдымен әлеуметтік әлеуеттің артуы ол әрине, адами болмыс, тәрбие, мәдениет, рухтың биік болуымен өлшенбек. Осы орайда ҚазҰУ-да әлеуметтік жаңғыруға бағыт болатын арнайы құжаттар жобасы жасалынды. Олардың қатарын ҚазҰУ-дың Корпоративтік мәдениет кодексі, ҚазҰУ Студентінің ар-намыс кодексі, ҚазҰУ

оқытушысы туралы ереже, ҚазҰУ студенті туралы ереже сияқты маңызды құжаттар құрайды. «Мұндай Кодекстің қабылдануы жоғары оқу орындарында Жолдау жүктеген әлеуметтік жаңғыру бастамасын жүзеге асырып, корпоративті идеология мен корпоративті мәдениетті дамытуға негіз болады», - дейді ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтанов. Сонымен қатар, ректор бұл құжаттар өз кезегінде ҚазҰУ-дың жаңа ұстанымы – әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналу жолында биікке жетелейтін, әлеуметтік жаңару идеологиясында адам капиталын дамытудың басты құндылығы болатындығын жеткізді.

(Жалғасы 3-бетте)

(Продолжение на 2 тр.)

КОНФЕРЕНЦИЯ

31 марта в КазНУ имени аль-Фараби прошла Международная научная конференция «Дулатовские чтения» на тему «Историческая наука и преподавание истории в современном Казахстане, России и государствах Центральной Азии», посвященная 80-летию со дня рождения видного казахстанского историка, организатора науки, профессора Дины Исабаевны Дулатовой.

### В КазНУ прошли Дулатовские чтения

Сегодня мы имеем возможность не только изучать общее прошлое Казахстана, России и других республик Центральной Азии, но и обобщить итоги нашего общего прошлого. Однако представители гуманитарных наук постсоветских государств по-своему оценивают историческое прошлое этих стран.

(Продолжение на 2 стр.)

БАСТАМА

## Таланттарды шыңдаған студенттік байқау

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «Студенттік көктем - 2011» көркемөнерпаздар байқауы өтті. Университет факультеттері мен колледждің өнерпаз студенттері қатысқан бұл шығармашылық байқау таланттарды шыңдай түсті.

Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі департаменттің ұйымдастыруымен Ә.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында ұйымдастырылған өнер байқауында жастар өнерге деген құштарлықтарын паш етті. Мұнда өнерпаздар түрлі халық биі, ұлттық би, заманауи би, классикалық сияқты би түрлерімен қоса кешті жүргізу шеберлігі, ерекше өнер, ұлттық аспапта ойнау, авторлық шығармашылық сияқты өнер түрлерінен бақ сынасты.

(Жалғасы 4-бетте)



# Бірінші Дулатова оқулары

(Начало на 1стр.)

Во многих случаях это противоречивые взгляды, разные концепции. В данный момент, когда стабильность и мирные взаимоотношения между народами и странами становятся ключевым фактором стабильного развития всего мира, такой подход к истории не приемлем. Наше общее прошлое должно сближать нас, а не отталкивать друг от друга.

Поэтому данная конференция задана целью объединить усилия историков и обществоведов для выявления проблем, для выработки научных методов в изучении исторических процессов на междисциплинарном уровне.

В ходе работы конференции обсуждались проблемы «Центральная Азия в древности и средневековье: современное осмысление исторического наследия», «Новые трактовки в освещении проблемы: «Российская империя и национальные окраины», взгляд из XXI века на советское прошлое», а также репрезентация исторического знания.

С приветственным словом к участникам конференции выступил первый проректор КазНУ им. аль-Фараби, проф. М.М. Буркитбаев. Д.и.н., доцент Б.Б. Карибаев зачитал поздравительные адресаты от депутата Мажилиса Парламента РК, д.п.н. К. Бурханова, ректора ЗКГУ им. М. Утемисова, д.и.н., проф. Т.



Рысбекова (первого аспиранта Д.И. Дулатовой).

В работе конференции приняли участие видные зарубежные и отечественные ученые. Среди них были профессор университета Wisconsin-Madison США Вирджиния Мартин, заведующий сектором этнографии Омского филиала Института археологии и этнографии Сибирского отделения АН РФ А. Селезнев, президент ассоциации общественных исследователей России (АИРО-XXI), профессор Г. Бордюгов, заведующий отделом древней и средневековой истории Казахстана Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова МОН РК Зардыхан Киянатулы, профессор Павлодарского государственного университета им. С.Торайгырова, д.и.н., Р. Таштемханова, директор института магистратуры и PhD докторантуры КазНПУ им. Абая, профессор, д.и.н. М.К.Қойгелдиев и другие известные ученые из Алматы, Астаны, Караганды, Актобе, Уральска.

В ходе конференции была организована выставка трудов профессора Д.И. Дулатовой. Дальнейшее обсуждение тем конференции нашло свое продолжение в аудитории имени Д.И. Дулатовой, которая открылась в 2006 году на историческом факультете КазНУ им. аль-Фараби.

**М.С. НОГАЙБАЕВА,**  
к.и.н., ст. преподаватель КазНУ им. аль-Фараби

29 наурызда Ғалымқайыр Мұтанұлы дене шынықтыру кафедрасының жаттықтырушыларын қабылдады. Онда былғы 4 сәуір мен 19 маусым аралығында өтетін VI жаздық республикалық универсиадаға КазҰУ командасының дайындық мәселелері қаралады.

25 наурызда заң факультетінде экологиялық және аграрлық құқық кафедрасының ұйымдастыруымен «Қазақстан Республикасындағы жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнаманың жаңалықтары: қалыптасу және даму мәселелері» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Конференция жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамаларының дамуы мен жетілдірудің және олардың іс жүзінде қолданудың теориялық-тәжірибелік мәселелерін талқылауға арналды.

29 наурызда ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Ресей мемлекеттік гуманитарлық университетінің делегациясы қонақта болып, екіжақты қатынастарды одан әрі дамыту мәселелері қаралды. Делегаттарға бірінші проректор Мұхамбетқали Буркитбаев ҚазҰУ тарихы, оқу және 3 сатылы білім беру үдерісі туралы мәлімет беріп, университеттің зерттеу университетіне айналуды барысындағы атқарып жатқан жұмыстары жөнінде ақпарат берді.

26 наурызда ҚазҰУ-дың Спорт кешенінде бокстан ал-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Алматы қалалық құрама командалары арасында жолдастық кездесу болып өтті. Нәтижесінде, жалпыкомандалық есеп бойынша 6:0 ұпай көрсеткішімен ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың былғары қолғап шеберлері қалалық құрамадан басым түсті.

ЖАЛЫН

## КазНУ им. аль-Фараби: ИНВЕСТИЦИИ В БУДУЩЕЕ

(Начало на 1стр.)

Однако на данном этапе пришла пора нового витка – инновационного переориентирования науки на внедрение результатов в реальную экономику, сближения образования и производства.

Как отметил в своем выступлении ректор КазНУ, академик Галым Мутанов, – «Важнейшими отличительными признаками исследовательского университета должна стать способность не только генерировать знания, но и обеспечивать эффективный трансферт технологий в экономику. То есть, в полной мере должен реализовываться принцип – образование через науку. Там, где лучшие университеты, там лучшее общество».

Исследовательские университеты должны стать средоточием научно- и капиталоемких проектов, новейших технологий и открытий. Свои «силиконовые долины» и наукограды могут и должны появиться в Казахстане.

В рамках встречи также была презентована программа корпоративной идеологии и культуры, отвечающей новой миссии КазНУ. Эти документы, содержащие основные моральные ценности и критерии оценки деятельности преподавателя и студента, должны стать идейным стержнем, совершенствовать дух коллектива, стать символами устремлений вуза к элитарности и успешности, знаку высокого качества под названием КазНУ им. аль-Фараби.

По признанию студентов, корпоративная культура объединяет «казгушников» в единую команду, способную осуществить задуманное – войти в рейтинги лучших университетов мира. Статус студента КазНУ ко многому обязывает.

Университет – модель государства. Он способен породить новую генерацию людей, которые после окончания вуза придут на производство, понесут в массы те знания, ту культуру, которую впитали в стенах альма-матер. Поэтому очень важно, как понимают свою сверхзадачу педагоги, насколько совершенствуются сами, повышая свои компетенции, используя передовые технологии в образовательном процессе.

**Е.И.ДУДИНОВА**  
Зав. кафедрой международной журналистики

ШАРА

## Мемлекет пен дін қарым-қатынасы талқыланды

2011 жылдың 25 наурызында ал-Фараби атындағы ҚазҰУ, философия және саясаттану факультеті, Ғылым философиясы және дінтану кафедрасының ұйымдастыруымен еліміздің егемендігінің 20 жылдығына арналған «Мемлекет пен дін қарым-қатынасы модельдерін жасау жолындағы ізденіс» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті.

Конференция жұмысы мемлекет және дін қарым-қатынастарының саяси-құқықтық негіздері, әлеуметтік-мәдени кеңістіктегі мемлекет пен діннің рөлі, діни бірлестіктер және олардың этникалық бірегейлік пен мемлекеттік біртұтастыққа ықпалы бағыттары бойынша өткізілді.

Конференцияға ҚР Парламенті Сенатының депутаты Ғарифолла Есім, Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор Тілекқабил Рамазанов, Нұр-Мұбарак Египет Ислам мәдениеті университетінің ректоры, Каир университетінің профессоры Махмуд Фах-

ми Хиджази, Иран Ислам республикасының Қазақстан Республикасындағы елшілігінің мәдени істер бойынша кеңесшісінің орынбасары Мухаммад Реза Саггари, теология докторы, ал-Азһар университетінің профессоры Ата ас-Сынбаты, ҚМДБ Діни істер бөлімінің меңгерушісі Ақтамберді Мұсабек, ҚР Мәдениет министрлігінің дін істері бойынша департаментінің жетекші маманы Нұрмұхамед Мейманходжаев және факультет оқытушылары мен студенттері қатысты.

Тілекқабил Рамазанов: «Бұл тақырып бүгінде өте маңызды, әсіресе жастарда

дінге қызығушылық көп, өзге ағымдарға бет бұрып жатқандар қаншама, осы орайда БАҚ-тан ақ-қарасын ашып айтты ғалымдарымыз түсіндірсе» деп ойын ортаға салса, өз кезегінде Ғарифолла Есім «Қоғам мен дін деген мәселе бар, демек бұл атқарушы органдар тарапынан қадағалануы тиіс. Дін – мәдениет. Дін саясаттан тыс, қоғаммен бір болуы тиіс деп ойлаймын», – деді өз сөзінде. Барлық конференцияға қатысушылар рет-ретімен өз баяндамаларын оқып, дін мен мемлекет арасында байланыстың артуындағы әртүрлі тың тақырыптар тыңдалып, баяндамашы баяндама барысында туындаған сұрақтарға жауап берді.

Еңлік АҚЖІПТ

## Игі істерге арқау болған декада

Жақында ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің колледжінде жалпы білім беру пәндері циклінің «Әл-Фараби және әлемдік ғылым» тақырыбымен Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған онкүндігі өткізілді.

Онкүндік пәндер шеруімен салтанатты түрде ашылды. Шеруді алғаш болып-география пәні бастады. Одан кейін биология, тарих, химия, математика, физика, информатика, алғашқы әскери дайындық, дене шынықтыру және спорт, валеология пәндері жалғастырып кетті.

Декада аясында колледж студенттері өз қолдарымен декорация, буклеттер, жарнамалық парақшалар жасады. Ал жалпы білім беру пәндерінің ұстаздары түрлі шаралар ұйымдастырды. Мәселен, география және экология пәнінің оқытушысы Б.С.Керімбай «Саяхатқа шақырамыз» атты демонстрациялық сайыс сабағын өткізіп, колледж студенттеріне әлем елдері табиғатына, тарихына, экономикасына, өнеркәсібіне, экологиялық жағдайларына байланысты ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуге ұйытқы бол-



ды. Ал тарих пәні мұғалімдері Н.А.Тасилова, А.Базарбекқызы «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы» және «Әл-Фараби және әлемдік ғылым» атты ғылыми-танымдық конференция өткізді.

Мәдениеттану пәні бойынша А.К.Бегалиева «IX-XII ғасырдағы қазақ халқының ортағасырлық мәдениеті» атты ашық сабақ өткізіп, Мұқағали Мақатаевқа арналған әдеби-тақырыптық кешпен жалғастырды. Ж.Ә.Байғараев «Өтті дәурен осылай...» тарихи ойын іс-шарасын ұйымдастырса, Д.А.Қасымбекова «Химия ғажайыптары» атты тәжірибелік-зертханалық ашық сабақ өткізді. И.С.Тілеубаева 1-курс орыс топтарымен

«Брейн ринг по физике» жүргізсе, Д.Д.Чорман «Біз өмір сүріп отырған қоғамды компьютерсіз елестету мүмкін бе?» деген тақырыпта қызықты пікірталас өткізді. С.А.Тұрсынбаева орыс топтарымен «Роль математики в реальной жизни» деп бас қосса, Б.С.Керімбай, Р.Б.Қаупенбаева экология және биология пәнінен «Қазақстанның рекреациялық ресурстарының мүмкіндіктері» тақырыбы бойынша ғылыми-танымдық конференция өткізді. Алғашқы әскери дайындық пәндерінің мұғалімдері М.И.Ниязбаев, Н.Р.Каракасов және денешынықтыру пәнінің мұғалімі Аликей Айбектің ұйымдастыруымен әскери кафедрада «Қызықты эстафета» өткізілді.

Жалпы білім беру циклінің онкүндігін осылайша бірінен бірі озған ойлы да танымдық шараларға толы болды. Декаданың салтанатты жабылуында ғылыми-танымдық, шығармашылығымен көзге түскен белсенді студенттер алғыс хатпен марапатталды. Онкүндік өте тартымды және жоғары дәрежеде өткізілді. Шара жастарымыздың ұлттық рухта тәрбиеленіп, жан-жақты дамуына жасалған кадам деуге болады.

**Роза ҚАУПЕНБАЕВА,**  
КазҰУ колледжінің оқытушысы

# АДАМ КАПИТАЛЫ – әлеуметтік жаңғыру негізі

(Басы 1-бетте)

Әлеуметтік жаңғыруға бір кісідей үлес қосуды ұлттық көшбасшы білім ордасы өз алдына үлкен міндет санауы өзге жоғары оқу орындарына үлгі боларлық. «Университет – бұл инновациялық ойлау, рухани ізденіс орталығы, мәдени құндылықтар мекені. Университет қоғамдық келелі мәселелерге оңды шешім айтып, мемлекеттік деңгейдегі шешім қабылдауға қабілетті. Бұл кезекте Қазақстан университеттері, оның ішінде ҚазҰУ еліміздің әлеуметтік жаңғыруында жетекші күшке ие», - дейді ҚазҰУ-дың Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Шолпан Жаманбалаева.

Көшбасшы қарашанырақтың әлеуметтік жаңғыруындағы басымдылығын жастар да сезініп, түйсінгендей. Жастар ұйымдары комитетінің жетекшісі Назира Бөлтірікова Тәуелсіздіктің 20 жылдығында жеткен ел жетістіктерін мақтан тұтып, оның ішінде жастар үлесін зор мақтанышпен жеткізді. Елбасы және университет басшылығы алға қойып отырған әлеуметтік жаңғыру талаптарына жастар өз үлестерін барынша қосатындығын жеткізді. Ал, «Сұңқар» студенттік кәсіподағы төрайымының орынбасары, философия және саясаттану факультетінің 2-курс студенті Қайырхан Қалдыбайұлы әлеуметтік жаңғыру жолында қолға алынған ҚазҰУ-дың Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының бірнеше тың жобаларымен бөлісті. «Сен өз еліңе керексің», «Жасыл ел» жастар жасақтары, «Green кампус» экологиялық қозғалысы, «Көмек» еріктілер қозғалысы, «Студенттік өзін-өзі басқару ұйымының көшбасшысы», «ҚазҰУ – біздің ортақ үйіміз» сияқты жаңа жобалар студенттік кампус тазалығы мен әсемдігін қамтамасыз етуге, оның мәдени өмірінің мәнін одан әрі дамытуға арналған. Студенттердің жалынды бастамасын таныған оқытушы-профессорлар да өз кезегінде



ризашылықтарын жеткізіп, әлеуметтік жаңғыру жолындағы өз ойларымен бөлісті.

Жастар қайраты мен айбатын әлеуметтік жаңғыруға жұмсайтындықтарын айтып жатса, оқытушылар да бұл адами капиталды арттыруда нақты беделге ие екендігі айтылды. Бұл орайда саясаттанушы Сайпулла Сапанов: «Жаңа әлеуметтік жан-

дандыру саясатының негізінде ұстаздың жаңа рейтинг жүйесіне толық көшу де бар. Рейтинг жүйесі ұстаздардың жоғары деңгейдегі ұйымдастырушылығы мен жауапкершілігін талап ететін жүйе. Рейтинг жүйесін жетілдіру арқылы біз университеттегі әлеуметтік жандандыру үрдісінің әрбір мұғалім мен маманға қаншалықты өзекті

екендігін түсіндіре аламыз. Біз университетіміздегі әлеуметтік жандандыруды өзіміз сезініп қана қоймай, оның жақын арада табыстары мен пайдасын көретін боламыз», - деді.

Одан кейін Ғалымқайыр Мұтанұлы Жоғары білім алу үдерісінде босаған бос білім беру гранттарын тағайындау туралы ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығы бойынша, мемлекеттік білім беру гранты байқауынан өткен 160 студентке грант сертификатын салтанатты түрде табыс етті. Сонымен бірге университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен ақылы негізде үздік оқып жүрген 37 студенттің оқу төлемақысына 25% және 15% жеңілдік беретін сертификаттарды да тарту етті.

Активте отандық білім беру шаңырағының көшбасшы университетіндегі оқытушы-профессорлар құрамы еліміздегі жоғары оқу орындарына арнайы үндеу жариялады. Үндеуде «Болашақтың іргесін

бірге қалаймыз!» деп жұртты атауының өзімен жігерлендірген Елбасының биылғы Жолдауында әлеуметтік жаңғыру мақсаты алға қойылды. Ол бірнеше бағдарлама аясында жүзеге асатын болады, соның ішінде білім беру саласы – айқын нысана. Қазіргі заман адами капиталмен анықталатын заман екені белгілі. Ендеше, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы Қазақстанның жарқын болашағы әлеуметтік қорға, әлемдік бәсекеге қабілетті сапалы мамандар даярлауға тәуелді екендігін терең түсінеді. Ондағы жоғары оқу орнының алатын маңызды орнын да біледі. Біз білім беру саласында сапалық жаңғыруды қамтамасыз етсек, халқымыздың әлеуеті көтеріліп, бәсекелестікке қабілетті болармыз анық. XXI ғасырда инновация даму синониміне айналып отыр. Сондықтан біз бірлесе отырып, ел мәдениетіне, экономикасына инновациялық өз үлесімізді қосуға дайын болуымыз тиіс», - деген жалынды сөздер бар. Бұл қасиетті қара шанырақ ұстаздарының өз жауапкершіліктерін толық сезініп отырғандығының нақты айғағы десек болады.

Университет – қоғамдық қозғаушы күш екендігін сарапшыларымыз айтып жүр. Әрине, ғылым мен білімнің қайнаған ортасы, жалынды жастар мен білікті мамандар тоғысқан бұл жоғары мектепте тың бастама, үлкен қолдау бар. Бұл орайда университеттің әлеуметтік жаңғыруы артқан сайын, даярланатын маман да бәсекеге қабілетті, жоғары әлеуетті болмағы анық. Университеттік даму – интеллектуалды ұлтты дамытудың кепілі. Интеллектуалды ұлт дамыту – әлеуметтік жаңғырудың басты көрсеткіші әрі жемісті жеңісі болмақ.

**P.S.** Салмақты ойды тұжырымдаған актив қатысушылары қоғамдық-саяси оқиғаларда да белсенділік танытты. Жолдау жүктеген қазақстандық ЖОО әлемдік университеттер рейтингісіне ену талабына сай болу үдесін қолға алған ҚазҰУ ұжымы қазақстандықтарды 3 сәуірде өтетін Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауына белсенді қатысып, Қазақстанның әлеуметтік жаңғыруына сүбелі үлес қосуға шақырды.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА



## Студенты факультета востоковедения получили образовательные гранты в магистратуру вузов КНР

НАВКА

**Сейчас во всем мире возрос интерес к изучению китайского языка. Китайский язык, вытеснив японский, занимает второе место по числу изучающих. Для нашей страны, которая имеет более тысячи километров общей границы с Китаем, изучение китайского языка, бесспорно, имеет важное значение.**

В связи с успешным развитием разносторонних отношений между Казахстаном и Китаем, потребность в специалистах-китаеведах в нашей стране заметно возросла. Молодых людей, понимающих перспективы двусторонних отношений, желающих изучать китайский язык, с каждым годом становится все больше и больше. Кафедра китаеведения факультета востоковедения, одной из первых в стране начавшая готовить китаеведов, является одним из ведущих центров по подготовке высококвалифицированных специалистов.

30 марта 2011 года во второй раз прошла Республиканская олимпиада по китайскому языку, посвященная 20-летию юбилею независимости Республики Казахстан, организованная факультетом востоковедения КазНУ имени аль-Фараби и Институтом

Конфуция. Олимпиада была организована с целью активизировать интерес к китайскому языку, повысить уровень знания, развить творческие способности студентов, повысить их желание и активность в учебе, внести свой вклад в празднование 20-летнего юбилея нашей страны.

Среди специально приглашенных гостей были вице-консул по культуре и образованию Генерального консульства КНР в Алматы господин Гао Чэнь, и передавшая ему свои полномочия Цуй Ин Лань, редактор журнала «Көрші» господин Ибрагим Файзулла, журналисты нескольких китайских агентств.

На церемонии открытия олимпиады с приветственным словом выступили декан факультета востоковедения профессор Н.А. Алдабек и вице-консул по культуре и образованию Генерального консульства КНР в Алматы господин Гао Чэнь. Декан факультета востоковедения госпожа Алдабек Нуржамал Абдразаққызы выразила глубокую признательность госпоже Цуй Ин Лань за оказанную поддержку в период нахождения в должности вице-консула. В торжественной обстановке ей были вручены цветы и памятные подарки.

В этом году условия конкурса были услож-

нены. В программу олимпиады вошли задания по грамматике китайского языка, по переводу текстов, написание эссе, по ораторскому искусству. Тематика заданий была посвящена 20-летию юбилею нашей страны.

Для участия в олимпиаде участники в отборочных турах должны были показать знания китайского языка 4-5 уровней (HSK), умение перевести предложенный текст, написать эссе, ответить на вопросы членов жюри.

В олимпиаде участвовали 40 студентов 2,3,4-х курсов из КазУМО и МЯ имени Абылайхана, КазГПУ имени Абая, Каз ГЖПУ, Международного Казахско-Турецкого университета имени Кожа Ахмета Яссауи, Евразийского университета имени Л.Н. Гумилева, университета иностранных языков и деловой карьеры (г.Алматы).

В составе жюри были заместитель директора Института Конфуция госпожа Джан Циен Фань и специалист института Конфуция госпожа Ху Я Нань, старший преподаватель КазГУМОиМЯ имени Абылай хана господин Тао Цзин Сун, старший преподаватель университета Иностранного языков и деловой карьеры господин Даулет Акбархан, доцент Казахского Национального педагогического университета

имени Абая госпожа Гулия Алиханқызы.

По результатам конкурса первое место занял студент 4-курса факультета востоковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби Төрехан Хабиев, второе место заняла студентка 4-курса факультета востоковедения Мадина Ахметбек. Третье место выиграл студент данного факультета Арайбек Амантайұлы.

Финансовую поддержку олимпиады оказало руководство КазНУ им.аль-Фараби, выделив денежные призы для победителей: первое место - денежный приз в размере 16000 тенге, второе место - 10000 тенге, третье место - 5000 тенге.

Поистине царские призы были предоставлены Генеральным Консульством Китая в Алматы: всем занявшим первые три места выделены гранты для обучения в магистратуре в вузах Китая. Всем участникам конкурса вручены благодарственные письма от имени декана факультета востоковедения профессора Н.А.Алдабек.

**Е.А.КЕРИМБАЕВ,**  
ст. преподаватель факультета востоковедения кафедры китаеведения



## Таланттарды шыңдаған студенттік байқау

(Басы 1-бетте)

Байқау басталды. Әуентге ілесе заманауи би билеген жастар мерекелік күй сыйлады. Кешті жүргізу шеберлігінде студенттердің дауыс ырғағы, әуезді оқуы сияқты талаптар басты назарға алынды. Мың бұрала билеп, буын-буыны қозғалысқа түскенде құдды бір желмен майысқан талшыбықтай көркемдене түсті. Әсіресе физика факультеті робот биін сомдағанда қолпаштау да қалың болды. 2000-нан аса студент өнер көрсеткен байқауда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналып студенттердің авторлық өлең туындылары оқылды.

Түрлі би билеп көрерменді өнерлеріне тәнті еткен жастар бұл кезеңде тіптен шабыттана түскендей. Өз елінің тәуелсіздігін жырға қосып, жетістігін жырлаған жастар сарай ішінің рухын асқақтатып, тәуелсіздіктің еңсесін көтере түсті. Бір бірімен жарыса бірлігі жарасқан жерұйық қазақ елінің абыройын асқақтатып жатты.

Осы орайда ҚазҰУ-дың Тәрбие жұмысы және тілдерді дамыту жөніндегі департамент директоры Гүлнар Әлібекқызы: “Биылғы Жолдауда Елбасы әлеуметтік жаңғыру мәселесін алға қойып отыр. Бүгінгі “Студенттік көктем – 2011” көркемөнерпаздар байқауы – сол талаптарды орындау барысында атқарылып жатқан бірегей шара. Бұл байқау университет студенттерін мықты маман етіп даярлаумен қоса, шығармашылығын дамытып, жан-жақты, рухани дамыған бәсекеге қабілетті тұлға етіп қалыптасуына

үлес қосады”, – деп байқаудың студенттік өмірдегі маңыздылығына тоқталып өтті. Расыменде, сарай іші бұл күні өнерлі жастармен көркейе түсті. Би қимылы белгілі бір идеяны негіздеп, шығармашылықпен ұштасқандығы байқалды. Бірі періштелер бейнесін биге қосса, енді бірі ұшқан құс, жүйткіген тұлпар, тағы бірі ақ пен кара айқасы сияқты сахналық би ұсынды.

Ерекше өнер кезеңіне жеткенде көрермен демін біресе ішке тартып, біресе көзі шарадай болып таң қалумен болды. Себебі бұл бөлімде студенттер көрсеткен өнерлері Гиннес кітабына енген таң тамаша өнер түрлерін сомдаумен пара-пар болды.

Екі күнге жалғасқан «Студенттік көктем – 2011» көркемөнерпаздар байқауы ҚазҰУ жастарының тек білімде ғана емес, өнерде де озық екендігін байқатты. Қазақ эстрадасының әншілері Ақжол Мейірбеков, Ақбота Керімбекова және “Бақыт” би тобының жетекшісі Галия Есмұханбетова секілді өнер санлақтары «Студенттік көктем – 2011» байқауында өнерпаздар талантына әділқазылар жасап, жоғары деңгейде өткен өнер байқауына ризашылықтарын білдірді.

10 түрлі аталым бойынша өнер көрсеткен жастарды бірінен-бірі ажырату да мүмкін еместей. Бірінен-бірі озып, бұл күні сарай ішін той думанға бөледі. Екі күнге жалғасқан өнер байқауының қорытындысы алдағы халықаралық жастар форумында үлкен гала концерт ретінде ұсынылмақ. Бұл форумда әлемнің 37 елінен белсенді жастар келеді деп күтілуде.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА



## Күле жүріңіз...



Деректерге жүгінер болсақ, күлкі күнін тойлау алғаш Франциядан бастау алған екен. Шығыс Үндістанда 31-наурызда «калжындау салты» ежелден бастау алған көрінеді. Тағы бір деректер бойынша, Ресейдің Петербург қаласының тұрғындары бірде әдетте өрт шыққанда ғана ұрылатын қатты дабылдан оянады. Әбігерге түскен халық өрт ошағын таба алмайды. Сөйтсе, бұл әзілқештердің ойыны екен. Ал, бұл оқиға 1 сәуір күні орын алған деселі. Сол кезден бастап бұл ойын халық қолдауына ие болып, күлкі күніне айналған.

Басылым беттеріндегі сипаттамаларға сүйенер болсақ, күлкі күнінің аталуы мен ерекшелігі әр елде әртүрлі. Мәселен, Франция, Англия, Америкада бұл – ақымақтар күні, Испанияда – дөкірлер, Үндістанда – тоқылдақ, Жапонияда – қуыршақтар, Шотландияда тепкі күні деп аталады екен. Бұл күні әркім таныстарының арқасына сездірмей «мені теп» деген жазу іледі де, оны сырттай күлкіге айналдырады. Бірақ атаулар әртүрлі болғанымен, бұл күн күлкі күні болып саналған соң, бұл күнгі қалжыңға ешкім ренжімейді.

1 сәуір ресми мереке емес, алайда “көтермесен көңілді кір басады” дейтін қазақ халқы да әзілден кенде емес. 1 сәуір біздің елімізде де күлкі күні деп бейресми аталып, бір-біріне қалжың айтысып, адамдар күлкіге кенеледі. Күле жүріңіз...

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

## Жылыбекке жылы леп!

Қаскеленде Жылыбек атты асаба ағам бар. Асабалықты үйренуге ниет білдіріп, «той болса, шақырыңыз» – деген болатынымын. «Жарайды» – деген ағамнан ұшты-күйлі хабар жоқ. Күндер, айлар өтті... «Айта-айта Алтайды, Жамал апам қартайды» дегендей, күте-күте шаршаған інісінің айтқаны:

Асаба ағам Жылыбек!  
Шақыратын түрін жоқ.  
Ініңнің отыр жасы кеп,  
Зейнетке шығар жылы боп.

Асаба ағам Жылыбек!  
Айттым сізге «тамыр» деп,  
Енді соғар жылы леп,  
Сәлемнен Асқар Әмір-Бек!

## Өлең арнау

Асабалықтың айдауыммен «визитка» жасатуға көшедегі фотосалонға кірдім. Аз уақытта жасайтын жұмысты «еріншектің ертені бітпес» дегендей ертең кел деп, жасағысы келмеді. Алыс жолдан келгенімді айтып, өтініш білдірдім. Зорға дегенде келісті, осы үшін мені мақтап бір өлең жазып берерсің делі. Сол мезетте қолыма қалам алып:

Оу, ағасы, бір өлең «байла» дедің,  
Шығармасам ақындығым  
қайда менің.

Ерінгенің, ағатай, ұнамады,  
Үйіңе қайт, ертең кел, айда! –  
дедің.

Асабаның әзілі тойда деген,  
Көптің қамын әрқашан ойла  
деген.

Әзілің егер жарасса,  
оу, ағатай,  
Атаңмен не апаңмен  
ойна деген, –

деп осы шумақтарды шұбыртқанымда, ағамыз өзінің қылығына қысылып қалды.

## Үш күндік жұмыс

Қытайда тұратын бір қандасымыз кілең қытайлар тұратын көпқабатты үйге көшіп барыпты. Қытайлықтардың наным бойынша жаңа жыл алдында қатарынан үш күн (желтоқсанның 29, 30, 31) торсылдақ атып, шайтанды қуады-мыс. (Салотті қытайлық қандастарымыз торсылдақ дейді екен). Осылай жаңа жылға қадам басатын көрінеді. Көп күттіріп, жаңа жыл да жетеді. Қытайлықтар торсылдақ атып, қатарынан үш күн бойы әлгі қандасымызға ұйқы бермепті. Әбден мезі болған бауыры-

мыз бұларға ұйықтатпағанды көрсетейін деп, ол да қатарынан үш күн (қаңтардың 1,2,3) салют атыпты. Аң-таң болған қытайлықтар жетіп келіп:

- Неге торсылдақты біз атқан кезде атпайсың, - десе керек.

- Жаңа жыл басталып кетті ғой...

Сонда әлгі бауырымыз:

- Сендер үш күн қуған шайтан біздің үйге кіріп кетіпті. Үш күн бойы соны қудым, - деген екен.

Асқар ӘМІРБЕК,  
заң факультетінің  
3-курс студенті

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Дәрмен СМАЙЫЛ  
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА  
Редакторлар – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА,  
Уәли ҚЫДЫРОВ  
Талғат АХМЕТҚАЗЫ  
Беттеуші – Талғат АХМЕТҚАЗЫ  
Фототілші – Алматы МҰХАМЕТЖАНОВ

### МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
“Бизнес Информ” баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.  
Тел.: 8 (727) 293-09-09

### Бағасы келісім бойынша.

Таралымы – 1000 дана.  
Индексі 65989.

Тапсырыс №10207

● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.